

**Шардара ауданы білім бөлімінің
«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

Бекітемін:
«Алтын білім» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі: _____ А.Кокишева



**Педагогикалық кеңес
Хаттамасы
2022-2023 оқу жылы.**

**Педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы**

Қатысқандар:

Меңгеруші: Кокишева Айнұр Алихановна
Әдіскер: Таласова Майра Анатолийқызы
Психолог: Сарманова Алия Пердебаевна
Тәрбиеші: Әбдіраман Айгерім Әбитқызы
Тәрбиеші: Қожамқұл Қасиет Әліқызы
Тәрбиеші: Муратова Жанна Нұрлыбековна
Тәрбиеші: Сатимова Мавлуда Бахтиеровна
Тәрбиеші: Қуатова Гулмира Нураливна
Тәрбиеші: Жаксылыкова Улжан
Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна

Тақырыбы: «2022-2023 жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың жаңа бағдары.

Мақсаты: «Тәрбие –оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

Күн тәртібінде:

1. Талдау «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама) Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 - 2023оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
3. 2022-2023оқу жылының жұмыс жоспары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеті, перспективалық жоспарларын бекіту.
4. Педагогтардың шығармашылық тақырыптарын бекіту.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту.

Балабақша меңгерушісі Кокишева Айнұр Алихановна сөз алды. Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтады.

Бірінші сұрақ бойынша: Балабақша әдіскері Майра Анатолийқызы биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары жоспарға сай өтті.

Балабақшамызда жаз мезгіліне дұрыс жасалған

күн режимі мен жақсы жолға қойылған балалардың күтімі баланы балабақшада өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік берді. Балалардың денсаулығын нығайту, жарақаттануына жол бермеу жұмыстары сақталып отырды. Балалардың жұмыс жасау қабілетін жалықтырып шаршатып алмау үшін де, тәрбиешілер жұмыс жоспарын қызықты етіп жоспарлады. Ертеңгілік қойылымдар қойылды, спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын.

Жазғы сауықтыру шараларының есебі қоса тіркелді.

Екінші сұрақ бойынша: Балабақшаның жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы жайлы балабақша меңгерушісі Кокишева Айнұр Алихановна сөз алды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14-баптарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстырылды.

2. Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру.

3. Бағдарламаның міндеттері: баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру, оның ішінде арнайы ортаны құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру.

4. Бағдарлама мазмұны:

дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге;

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын

меңгертуге;

өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1-2 жастағы балалар;

кіші топ - 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ - 3 жастағы балалар;

ересек топ - 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, - 5 жастағы балалар.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі - 5 жыл, бір жас тобында - 1 жыл.

6. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдардың

барлық түрлеріне және мектепалды даярлық сыныптарына ұсынылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар;

- әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы

перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жұмыс жоспарымен таныстырылды.

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын

5	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын
	Құрастыру	-	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын	күн сайын

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары		
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)	мектепалды топ (5 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-	аптасына екі рет
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын	күн сайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті

(ойын,
қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы
ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

* * Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере
отырып,
күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

****Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде
Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі**

* балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып
сөйлеуін
дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен
дәстүрлерімен
таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-
қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы
музыканы
тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық
қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық
әрекеттерге уақыт бөлінеді.(баяндамалар хаттамаға тіркелді.)

Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Кокишева келесі
мәселе тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жайлы сөз
қозғады.

Іздену, даму еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын,
ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып,
педагогикалық үдерісте қызықты етіп балалар жалықпайтын, ықыласын
арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге, жүргізуге бет бұрайық деген еді.
Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей
материалдар іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып, ендіруді
тапсырымын.Шығармашылық тақырыптармен жұмыс жүргізуді тапсырды.

Меңгеруші: А.Кокишева. «Балалардың құзіреттілігін қалыптастыруда
жаңашыл тиімді әдістер қолдану»

Әдіскер М.Таласова. ««Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие барысында
қолданудың тиімділігі»

Психолог: А.Сарманова «Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы
дамыту»

Тәрбиеші: Әбдіраман А. ««Көңілді математика әлемі»

Тәрбиеші Қожамқұл Қ. «Дидактикалық ойындар арқылы баланың сөздік
қорын дамыту»

Тәрбиеші Ауелханова Ж.«Ұсақ моторикамен баланың тілін дамыту»

Тәрбиеші Алиева А. «Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі
балалардың танымды дағдыларын арттыру»

Медбике: Әмірбек Д. ««Шынықсаң-шымыр боларсың»

Бесінші сұрақ бойынша Балабақша меңгерушісі А.Кокишева 2022-2023
оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын сайлап бекіту керектігін

айтты. Педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғаларды санатқа аттестаттаудан өткізу үшін білім беру ұйымдарында аттестаттау комиссиялары құрылады. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

1.Сөйлеген: әдіскер М.Таласова

Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде білім беру ұйымының басшысы сайланады. Сондықтан аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, мүшелері ретінде жоғары, бірінші санатты тәжірибелі тәрбиешілер сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1.Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2.2022-2023 оқу жылына арналған бөбекжай балабақшасының жылдық жоспар бекітілсін.

3.Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі, перспектива, циклограмма тексеріліп, бекітілсін.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқаулық хатымен толық танысып талаптары орындалсын.

4.Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай, ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын.

6.Аттестаттау комиссиясының төрайымы балабақша меңгерушісі

А. Кокишева болып сайлансын.

Мүшелері: М.Таласова

А. Абдиахаповна

Қ.Қожамқұл

Г.Рисмухамедова

Г.Куатова сайлансын.

7.Комиссия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

Кеңес төрайымы:

А.Кокишева

Хатшы:

Абдіраман А.Ә.

**Педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

30.11.2022ж

Қатысқандар:

Меңгеруші: Кокишева Айнұр Алихановна
Әдіскер: Таласова Майра Анатолийқызы
Психолог: Сарманова Алия Пердебаевна
Тәрбиеші: Абдіраман Айгерім Әбитқызы
Тәрбиеші: Қожамқұл Қасиет Әліқызы
Тәрбиеші: Муратова Жанна Нұрлыбековна
Тәрбиеші: Сатимова Мавлуда Бахтиеровна
Тәрбиеші: Қуатова Гулмира Нураливна
Тәрбиеші: Жаксылыкова Улжан
Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна

Тақырыбы: «Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуы»

Күн тәртібінде:

1. № 1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы»
3. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау:
 - ерте жас, кіші жас тобы балаларының балабақшаға бейімделу жағдайы;
 - шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет.

4. Тәжірибе алмасу:

- «Балабақшаның денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі»
- «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері».

5. «Денсаулық сақтау әлемі» балаларға арналған спорттық ойындар құралдары.

Балабақшамыздың меңгерушісі А.Кокишева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды.

Бірінші мәселе бойынша Әдіскер Таласова Майра Анатолийқызы есеп берді. Балабақшаның күн тәртібі, оқу жоспары, тәрбиешілердің перспектива жоспарлары толық бекітіліп, циклограммалар тексеріліп оқу тәрбие жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде. Шығармашылық тақырыптар бойынша жұмыстар атқарылуда. Жаңа технологиялар мен жаңа әдіс тәсілдерді жас ерекшелігін сақтай отырып ізденістер жалғасуда. Сонымен қатар бастапқы мониторинг бойыншада тәрбиеленушілердің көрсеткіштер деңгейлері жақсы, және баланың жеке жұмыс даму картасы бойынша жұмыстар атқарылуда деп сөзін аяқтады.

Екінші сұрақ бойынша балабақша тәрбиешісі Қожамқұл Қасиет Әліқызы «Күн тәртібіндегі сауықтыру іс-шараларының сапасы» туралы шығармашылық топтың жүргізіп жатқан жұмыстары жайлы тоқталып өтті. Балалар біздің болашағымыз, сондықтан балалардың денсаулығын сақтау міндетіміз.

Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып алдағы 1 айдың көлемінде осы негізгі ұстанымдарды алға мақсат етіп қойып жұмыс жүргізудеміз.

Шынығудың келесі түрлері қарастырылған:

1. Ауамен шынығу – балалар үшін ең оңай және қол жетімді әдіс. Мысалы: мектеп жасына дейінгі балаларды ауа райына қарамастан таңертеңгілік жаттығулар жасаудан бастау, бөлмеде 18 - 20 градус температураны сақтау оңтайлы. Мектеп жасына дейінгі балалар кез-келген ауа-райында ашық ауада көбірек уақыт өткізгені абзал. Серуендеуге арналған киім белсенді қозғалыстарды шектемеу үшін жеткілікті ыңғайлы болуы керек.

2. Сумен шынығу – су шынығудың ең күшті факторы болып табылады. Гигиеналық мәннен басқа, қолды салқын сумен жуу шынығу рөлін атқарады. Тамақтанғаннан кейін тамақты салқын сумен шаю және 39 градус температурадан бастап аяғыңызға су құю тиімді шынықтыру әсеріне ие, әрі қарай әр 2-3 күн сайын 1-2 градусқа төмендетіп отыру қажет.

3. Жалаң аяқ жүру бүкіл денені жалпы күшеюіне әсерін тигізеді Жалаңаяқ жүру дененің жергілікті салқындатуға сенімді бейімделуіне ықпал етеді, аяққа массаждық әсер және бүкіл денеге сергіткіш әсер етеді. Күз болсада жаттығулар ішкі ойын бөлмесінде жиі жасалуы жаттығулардың. Су өткізбейтін аяқ киімдер киіп күзде болсада шалшық сумен ойнату бала

денсаулығына, жақсы көңіл күйде болуына, эмоциясын басқара алуына әсері бар.

Шынығу шаралары, сонымен қатар сауықтыруды дұрыс жүргізген кезде (тәулікті дұрыс ережелеу, дұрыс тамақтану, күнделікті серуендеу, ауада ұйықтау, жасына сәйкес ұтымды киім кию, ауа және температура режимі, бөлмені үнемі желдету) балаларда тиімді әсерлер байқалады, олар:

- физикалық және психикалық әл-ауқатты жақсарту;
- дененің төзімділігін дамыту және өнімділікті арттыру;
- жүйке жүйесін нығайту және бұлшықеттер мен сүйектердің дұрыс дамуы;
- ауру қоздыратын факторлардың әсеріне төтеп беру (иммунитеттің күшеюі);
- сырқаттанушылық, әсіресе суық тиюдің төмендеуі.

Осылайша шығармашылық топ өзінің алға қойған мақсаттары мен міндеттерін толық орындалуда.

Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы Сарманова Алия Пердебаевна сөз алды. Ол өз сөзінде кіші жас топ балаларының балабақшаға келген күнінен бастап кіші топ тәрбиешілерімен бірге және психологтың жоспарына сәйкес ойындар, мантессори әдісі, жалпы бейімделу жұмыстары атқарылды. Қазіргі таңда кіші жас тобының балалары 2 айдан бері бақшаға бейімделіп жатыр. Бейімделу жолында шынықтыру шаралары да қолға алынуда.

Жалпы ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, баланың ортаға бейімделуі жайлы салаунамалар алынды, үіә ата-аналар қатысты, виртуальды көмектер ұсынылды. Ерте дамыту сайты бойынша түсіндірме жұмыстары ата-аналарға жүргізіліп сол сайттан бірнеше жас ерекшелігіне сай кеңестер де берілді.

1. Ата-ана тәрбиешінің және медбикенің үйге берілген тапсырмалар мазмұнымен, күн тәртібімен, тамақтану мәзірімен, ойын алаңымен, т.б. танысу;
2. Баламен әңгімелесу және ойнау (балабақшаны мақтау, яғни онда қызықты танымдық сабақтар болатынын, би билеп, ән салумен қатар суреттер салатынын айту, басқа балалар арасында ойнаумен, тәтті ботқалар жеумен қызықтыру, арнайы киімдер, кеңсе заттарын әперу арқылы қызығушылығын арттыру, балабақша жағдайын үйде ойнау, әсіресе балаға тәрбиешінің рөлін беру, т.б.);
3. Балабақшаға түсудің алғашқы күндері баланы серуендеуге қатыстырып, екі-үш сағаттан қалдырып, ойнау әрекетіне тарту, үйренуін қадағалап отыру, күнде топта болған жағдайларды сұрастырып, айтылған жайттарды үйде қайталап, өрісін кеңейту, жағымды сәттерге баса назар аудару, таңертеңгі уақытта баланы балабақшаға әкелгенде қолға ұстамау, жетектеу, топқа жіберер алдында көп әңгімелеспеу;

4. Бала үйде болғанда махаббат пен қамқорлыққа бөлеу (жылы сөйлеу, зейінді тыңдау, тактильді және көздік контакт жасау) және қауіпсіздікті қамтамасыз ету (міндетті түрде балабақшадан алып кететінін айту, белгіленген уақытта келіп отыру, балабақшаны жағымсыз бейнеде танытпау);
5. Демалыс күндері күн тәртібін сақтау, баланың тұру уақытын 30-40 минутқа ғана кешеуілдету, үйде дербестікті қолдау, өз бетінше әрекет етуге ынталандыру.
6. Баланы балабақшаға әкелгенде шешіндіріп, тәрбиешісіне тапсырып топтан тез арада шығып кету, тәрбиешімен сөйлесетін маңызды әңгіменізді топтан шығып сөйлесу. Балңызбен ұзақ қоштасу, бейімделуінің қиын болуы ұзаққа созылады.
7. Балаға өтірік уәде берудің қажеті жоқ. (Алтыным, мен сені түскі ас ішкесін алып кетемін, ұйықтамайсың –деп , айтудың қажеті жоқ. Балаңыз сізді тосып ұйықтамайды. Сізді тосып, алаңдап балалармен де ойнамай, терезеге немесе есікке қараумен күнін өткізеді). Деп сөзін аяқтады.

Төртінші сұрақ бойынша бақша әдіскері Майра Анатолийқызы сөйледі. Ол өз сөзінде тәжірибе алмасу «Балабақшаның денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі» және «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» бойынша мәселеге тоқтады. Біздің ұлттық ойындар нағыз денсаулықты сақтау технологиясының бірі болып табылады. Балабақшада ұлттық ойындарды үйретіп, ойнату үнемі жоспарымыздың бір бөлігі. Қазақ халқының бала денесін жетілдіру әдістері, оларды қолдану жолдары әрқашан ескеріліп отырылады. Өйткені, ата-бабаларымыз балаларын ат құлағына ойнатып, қырда жарыстырып, шабандоздыққа, отбасының тіршілігіне үйреткен. Осы ұлттық дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мақсатында балабақшамыздың әр топтарында ұлттық нақыштағы қимылқозғалыстарына арналған жаттығулар мен ойындар әрдайым жүргізіледі. «Денсаулық сақтау» технологиясы бойынша бұл өткізіліп жатқан шаралар баланың аурудың алдын алуға деген алғашқы қадамы болып саналады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келмек болсақ, «Сау дене, азат ақыл, адал көңіл, үшеуімен болады бақыт өмір», -деп сыршыл ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, мектепке дейінгі мекемелердің әрбір ісі жанжақты жарасымды, рухани бай тәрбие берумен қатар, денсаулығы мықты болашақ өсіруге бағыттау баршамыздың міндетіміз.

Балалардың денсаулығын қалыптастыру бойынша жүргізілетін негізгі жұмыс бағыттары:

- дене шынықтыру мен сауықтыру, шынықтыру шараларының комплексінің жүйесін дамыту.
- дене мүшесінің бұзылуы мен май табанының алдын алу және түзету;
- үйлесімді қимылдық тәртіп тұрғызу;
- жиі ауыратын балалармен сауықтыру шараларын ұйымдастыру деп сөзін аяқтады.

Бесінші сұрақ бойынша балабақша медбикесі Әмірбек Ділбарам Жанболатқызы сөз алды. Бекітілген жоспар бойынша барлық топ

балаларымен сауықтыру, шынықтыру, аурудың алдын алу шаралары жүргізілуде.

1. Шынықтырудың дәстүрлі формалары: ауаны тазарту, су құю, даладағы қабылдау, күн сәулесімен шынығу, жалпы және жартылай су процедураларын жүргізу – ығалды сүртіну, аяққа, денеге су құйыну, тұзды алаша, жалаңаяқ жүру. 2. Ұтымды –қимылды күн тәртібін ұйымдастыру: жаттығулар, жүгіру, сазды-би қимылдары, гимнастика, сауықтыру және алдын алу жаттығулары.

3. Әдеттен тыс сауықтыру шаралары:

- Ауамен шынықтыру;
- Психогимнастика;
- Өзін-өзі сылау;
- Дене мүшелерін босаңсыту жаттығулары деп айтып өтті.

Тәрбиеші Куатова Гулмира Нуралиевна сөз алды: «Денсаулықты сақтау» жаңа технологиялар енгізуде, ең алдымен бақытты балалық шақты қамтамасыз ету – бұл әрбір баланың жан-жақты және қазіргі заман талабына сай дамуына, оның көңілінің тыныштығына, денсаулығына қамқорлық жасауды басшылыққа алып алдағы уақытта мынадай қорытынды жетістіктерге қол жеткізуді көздейміз:

- Балалық кезеңде денсаулықты жоғалтпау;
- Денсаулықтың соматикалық көрсеткіштерін жақсарту;
- Гигиеналық мәдениет қалыптастыру;
- Салауатты өмір сүру салтын ұстану қажеттілігін және оған мүмкіндік туғызу;
- Дене шынықтыру тәрбиесін баланың жас және жеке ерекшеліктеріне байланысты даралау;
- Дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру.

Осылайша бүлдіршіндердің бойына ұлттық салт-дәстүрді сіңіріп, оларды халықтық тағылым нәрімен сусындатып, танымдық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу, олардың денсаулығын нығайту басты мақсатымыз деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1. № 1 Педагогикалық кеңестің шешімі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Ерте жас, кіші жас топтарының биімделуі бойынша атқарылатын жұмыстар жалғасын тапсын.
3. «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» ұлттық спорттық іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Кокишева

Хатшы:



Абдіраман А.Ә.

**Педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

23.01.2023ж

Қатысқандар:

Меңгеруші: Кокишева Айнұр Алихановна
Әдіскер: Таласова Майра Анатолийқызы
Психолог: Сарманова Алия Пердебаевна
Тәрбиеші: Абдіраман Айгерім Әбитқызы
Тәрбиеші: Қожамқұл Қасиет Әліқызы
Тәрбиеші: Ауелханова Жанар Меделханқызы
Тәрбиеші: Алиева Асель Абдияхаповна
Тәрбиеші: Қуатова Гулмира Нураливна
Тәрбиеші: Жаксылыкова Улжан
Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік –тілдік қарым-қатынасын дамыту»

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
Әдіскер: Таласова М.А.
2. «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы.
Шығармашылық топ.
Жаксылыкова Ұлжан
3. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелері.
Әдіскер:Таласова М.А.
4. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»
Психолог:САрманова А.П.
5. «Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі»
(Баяндама)

Тәрбиеші: Рисмухамедова Г.Т.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Т.М.Анатолийқызы атқарылған жұмыстар бойынша есебін берді. Кіші жас топтарының тәрбиеленушілер мен жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде жоғары атқарып шықты. Қазіргі таңда балалардың бақшаға бейімделуі, олардың толық келуі, ата-аналардың ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысуы, тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынас орнатып, балалар бақша жақсы бейімделді. Психолог бейімделу бойынша кіші топ тәрбиеленушілері мен қызықты ойындар әсіресе құм терапиясын жиі ұйымдастырып оларды бақшаға қызықтыра алды. «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» ұлттық спорттық іс-шаралар өткізіліліп, барлық топтарда алдағы уақытта бұл процес үздіксіз жүретінін және осы ұлттық құндылықтарымызда одан да әрі дәріптеп, жүйелі түрде жоспарға сай бұданда арықарай жалғасын табуда деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Жаксылыкова Ұлжан оқу – тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы бойынша, әсіресе 4-5 жас аралықтағы балалардың тілдік дамуында кешеуілдеу мәселелері туындап жатқанын алға тартты. Осы орайда алдағы уақытта жүйелі жоспар қойып, алдағы уақытта ұйымдастырылған іс-әрекетте де күн сайынғы сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет дағдылары бойынша жұмысты одан әрі қолға алып, артикуляциялық жаттығулар үнемі жасалып тұру керек екендігін айтты. Жалпы көбінесе балдарда «Р», «С», «Ш», «Ж» дыбыстары бойынша мәселелер туындап жатқанында айтты. Тек ересек

топтарда ғана емес, барлық топтарда да алдын алу бойынша артикуляциялық жаттығулардың пайдасы көп екенін қозғады. **Және өзінің осы бақылау жұмыс бойынша біршама ұсыныстарды айтып өтті:**

1. Балалардың бойында қалыптасқан дағдыларды бекіту үшін артикуляциялық гимнастиканы күнделікті жүргізу қажет. Мұны күніне 3-4 рет 3-5 минут жасаған дұрыс. Балаларға бір уақытта 2-3-тен артық жаттығулар ұсынбау керек.
2. Артикуляциялық гимнастикаға арналған жаттығуларды таңдағанда белгілі бір дәйектілікті сақтау керек, қарапайым жаттығулардан күрделі жаттығуларға өту керек. Оларды эмоционалды, ойын түрінде өткізген дұрыс.
3. Жаттығулардың дұрыстығын өз бетінше бақылау үшін бала ересек адамның, сондай-ақ оның бет-әлпетін анық көруі керек. Жаттығуды бала жасайды, ал ересек адам оның орындалуын бақылайды,- деп сөзін қорытындылады.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша әдіскер Майра Таласова балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау қорытындыларының нәтижелеріне тоқталды. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау қорытындылары мен аралық бақылау нәтижелерін салыстырғанда әлдеқайда қанағаттанарлық деді. Барлық топтар өз жас деңгейіне сәйкес даму пайыз көрсеткішін көрсетті. Алайда тәрбиеші Жаксылова айтқандай Коммуникативтік дағдылар бойынша пайыздық көрсеткішіміз төмендеу екендігін айта өткім келеді. Алдағы қорытынды бақылауға дейін бұл мәселе бойынша шығармашылық топ ақылдасып өз ұсыныстарымызды ортаға тастап ары қарай да үздіксіз жұмыстар орындалып, әсіресе балаларды көптеген ойындар арқылы, сюжеттік рөлдік ойындар арқылы, артикуляциялық жаттығулар арқылы нәтижеге жетуіміз керек екендігін тағы да айтып өтіп, сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Төртінші сұрақ бойынша балабақша психологы Сарманова Алия Пердебаевна «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі» бойынша дөңгелек үстел өткізіп, жоспары бойынша педагогтарға ұсыныстар мен кеңестер айтып өткенін айтты. Ерте жас және кіші топтарының тәрбиешілерімен бірге «Үстел үсті театры», «Қуыршақ театры», «Сюжеттік рөлдік ойындар», «Көлеңкелі театр» осындай рөлдік ойындар өткізіп, оң нәтижеге жетіп отырғанын алға тартты. Және де қазіргі таңда ортаңғы, ересек, мектепалды топ балаларымен осы рөлдік ойындар ұйымдастырылып, ертегілер қойылымы қойылып жұмыс жүріп жатқандығын айтып сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Баяндама. Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна.

«Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі»

Артикуляциялық гимнастика – бұл артикуляциялық аппараттың бұлшықеттерін күшейтуге, сөйлеу процесіне қатысатын мүшелердің күшін, қозғалғыштығын және қимыл-қозғалыс дифференциациясын дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар жиынтығы.

Әр түрлі дыбыстарды айту кезінде сөйлеу процесіне қатысатын әрбір мүше белгілі бір позицияны алады. Сөйлеу кезінде дыбыстар оқшауланбай, бірінен соң бірі тегіс айтылады, артикуляциялық аппараттың мүшелері өз позицияларын тез өзгертуі керек. Дыбыстардың, сөздердің, сөз тіркестерінің нақты айтылуына артикуляциялық аппарат мүшелерінің жеткілікті қозғалғыштығы, олардың үйлесімді түрде қалпына келтірілуі және жұмыс істеуі жағдайында ғана қол жеткізуге болады.

Артикуляциялық гимнастиканың мақсаты - артикуляциялық аппарат мүшелерінің толыққанды қимылдары мен белгілі бір позицияларын дамыту, қарапайым қимылдарды дыбыстарды дұрыс айтуға қажетті күрделі қимылдарға біріктіре білу.

Сөйлеуді дамытудағы артикуляциялық гимнастиканың рөлі.

Сөйлеу адамның туа біткен қабілеті емес, ол балада оның өсуімен және дамуымен бірге біртіндеп қалыптасады. Дұрыс, жақсы дамыған сөйлеу баланың мектепте табысты оқуға дайындығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сөйлеудегі кемшіліктер үлгермеушілікке, өз қабілеттеріне сенімсіздік тудыруы мүмкін. Сондықтан баланың сөйлеуінің дұрыстығына мүмкіндігінше ертерек қамқорлық жасауды бастау керек.

Сәби кезінен бастап бала тілдің, еріннің, жақтың әр түрлі артикуляциялық-мимикалық қимылдарын жасайды, бұл қимылдарды диффузиялық дыбыстармен сүйемелдейді (күңкілдеу, күңкілдеу). Мұндай қимылдар баланың сөйлеуін дамытудағы алғашқы кезең болып табылады; олар табиғи тіршілік жағдайында сөйлеу мүшелерінің гимнастикасының рөлін атқарады. Балада бұл қимылдардың дәлдігі, күші және дифференциациясы біртіндеп дамиды.

Айқын артикуляция үшін күшті, серпімді және қозғалмалы сөйлеу мүшелері - тіл, ерін, таңдай қажет. Артикуляция көптеген бұлшықеттердің жұмысымен байланысты, соның ішінде: шайнау, жұту, мимика. Дауысты қалыптастыру процесі тыныс алу мүшелерінің (көмей, трахея, бронх, өкпе, диафрагма, қабырға аралық бұлшықеттер) қатысуымен жүреді. Осылайша, арнайы логопедиялық гимнастика туралы айтқанда, тұлғаның, ауыз қуысының, иық белдеуінің, кеуде қуысының көптеген мүшелері мен бұлшықеттерінің жаттығуларын есте ұстаған жөн.

Дыбыстың айтылуын түзетудің кешенді әдістемесі келесі жұмыс бағыттарын қамтиды:

- а) ұсақ моториканы дамыту бойынша жұмыс;
- в) тыныс алу жаттығулары және дауысты дыбыстармен ойнау;
- д) артикуляциялық гимнастика.

Артикуляциялық гимнастиканың маңызы

Мектеп жасына дейінгі бала ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтуы үшін сөйлеу мүшелерін басқаруды үйренуі керек. Сондықтан 2 жастан

бастап арнайы артикуляциялық гимнастиканы жүргізу пайдалы. Оң нәтиже жаттығулар күнделікті, ең бастысы дұрыс орындалған жағдайда ғана мүмкін болады. Сондықтан ересек адам балаға жаңа жаттығуды көрсетіп қана қоймай, оның орындалу сапасын бақылауы керек. Егер нәресте жаттығуды орындау қиынға соғатын болса, ерін мен тілге массаж, пассивті артикуляциялық гимнастика жасау керек. Логопедиялық массажды маман жасауы керек, ал бала өзін-өзі массаж жасай алады (жеңіл массаж деп аталады) (үлгі бойынша).

Сөйлеу дыбыстары ауа ағынының сөйлеуді дем шығару кезінде көмей, жұтқыншақ және ауыз қуысы арқылы өтуі нәтижесінде пайда болады. Егер бала жеткілікті терең тыныс ала алмаса, онда дем шығару кезінде ауа ағыны әлсіз болады, демек, балада көптеген дыбыстар (ысқырық, ысқырық және Р дыбысы) дұрыс артикуляциямен де жұмыс істемейді. Бұл проблема көбінесе суық тиюмен ауыратын балаларда кездеседі.

Белсенді артикуляциялық гимнастика – бұл төменгі жаққа, ерінге, щекке және тілге арналған гимнастика. Баласы ересек адам көрсеткен қимылдарды қайталай отырып, өздігінен орындайды.

Балаға статикалық жаттығуларды орындау кезінде көмектесу үшін ересек адам дауыстап санайды немесе оған келесі командаларды береді: "Бір, екі, үш — демал!" немесе "Бір, екі, үш, төрт, бес — енді демалуға болады!" Динамикалық жаттығулар бір артикуляциялық қалыптан екіншісіне ауысу қабілетін дамыту үшін қажет, сондықтан олар тезірек қарқынмен орындалады. Олар сондай-ақ санау бойынша ("Бір-екі, бір-екі..") немесе ересек адамның бұйрығымен орындалады. Мысалы, тілді көтеру мен түсіруді көздейтін "Өткеншек" жаттығуын орындау кезінде командалар келесідей болуы мүмкін: "Жоғары-төмен, жоғары-төмен..." Артикуляциялық жаттығулар баяу және міндетті түрде айна алдында орындалады, сонда нәресте сіздің қимыл-қозғалыстарыңызды көшіретін сіздің бетіңізді де, өзін де көре алады, ал ересек адам бәрін дұрыс істеп жатқанын бақылап отырды. Егер бала қандай да бір әрекетті қайталай алмаса, оған тиісті пассивті жаттығулар жасау арқылы көмектесіңіз (саусақтарын немесе шай қасықтарын қолданып).

Кіші және орта жастағы балалармен сөйлеу аппаратын тұтастай дамытуға бағытталған жалпы күшейтетін артикуляциялық жаттығулар кешенін үйрену керек. Бұл жаттығуларды балалардың сөйлеу кемістігінің пайда болуына қарсы тамаша профилактика деп санауға болады.

Алдымен балаңызды артикуляциялық мүшелерін айна алдында қарап, оларды "Ерін, тіс, щек, тіл" деп атауға шақырыңыз. Баланың үстіңгі және астыңғы еріндері, үстіңгі және астыңғы тістері, бір ғана тілі бар екеніне назар аударыңыз. Тіл өте қозғалмалы және епті деп айтыңыз. Ол әр түрлі қимылдарды орындай алады.

Артикуляциялық гимнастика жалықтыратын жаттығулар қатарына айналмауы керек, сондықтан ол көңілді ойын түрінде жүзеге асырылады. Осылайша, артикуляциялық жаттығулар балаларға ертегілер, өлеңдер, жұмбақтар, санауыштар, бейнелі иллюстрациялар, слайдтар түрінде ұсынылады. Сабақ қызықты, тартымды, эмоционалды болады. Бала оның оқытылып жатқанын байқамайды. Бұл артикуляциялық моториканы дамыту

процесі белсендірек, жылдамырақ, қиындықтарды жеңу оңайырақ дегенді білдіреді.

Бір сабақ барысында сіз барлық жаттығуларды орындауға тырыспауыңыз керек, күніне бірнеше рет, әр уақытта 2-3 жаттығуды орындаған дұрыс.

Қорытынды

Сөйлеу орталық және шеткі мүшелерден тұратын күрделі анатомиялық-физиологиялық аппараттың қызметі арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің барлық мүшелері ми қыртысының реттеуші әсерінен бір-бірімен тығыз байланысты және өзара әрекеттеседі.

Бала қиын дыбыстарды айтуды үйренуі үшін оның тілі мен ерні икемді және мықты болуы керек, қажетті позицияны ұзақ уақыт сақтап, көп күш жұмсамай, бір позициядан екінші позицияға бірнеше рет ауысуы керек. Артикуляциялық гимнастика бұған ықпал етеді.

Тәжірибеде дыбыстың дұрыс айтылуын қалыптастырудың әр түрлі құралдарын - артикуляциялық гимнастиканы, ойындарды, ұсақ және жалпы моторикаға арналған жаттығуларды және т.б. қолдана отырып, әсер етудің тиімді құралдары артикуляциялық гимнастика болып табылады. . Балаларды өзінің формасымен, жарқын поэтикалық образдарымен қызықтыра отырып, көркемдік құралдар балаларда жағымды эмоциялар тудырады, бұл дыбыстың дұрыс айтылуын қалыптастыруға бағытталған жұмыстың тиімділігін арттырады. Балалардың сөйлеуін мәнерлі, жарқын етеді.

Баланың таза әдемі анық сөйлеуі, оның ортаға бейімделуі үшін жаңа әдістерді пайдалана отырып оларды жалықтырмай, қызықтырып жұмыс жасау арқылы біз тез әрі сенімді нәтижеге жетеміз деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1. №2 Педагогикалық кеңестің шешімі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған рөлдік ойындар көбірек ұйымдастырылсын.
4. Артикуляциялық жаттығулар күн сайынғы іс-әрекетерде ұтымды ойын түрінде жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы:



А.Кокишева

Хатшы:



Абдіраман А.Ә.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілгін уақыты: 30.03.2022ж

Тақырыбы: «Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік.

Мақсаты: Бала бойына ұлттық мәдениетті қалыптастыру, рухани-адамгершілік сезімдерін ояту. Саналы тәрбие мен байыпты мінез-құлық қалыптастыру, рухани дүниесі бай тұлға тәрбиелеу.

Қатысқандар саны: 11

Күн тәртібінде:

1. №3 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.

Әдіскер:Таласова М.А.

2. **Кешенді бақылау.** «МЖМБС сәйкес баланың қалыптасқан машықтарының деңгейі» кешенді бақылау.

Меңгеруші: Кокишева А.А.

3. **Педагогикалық қобдиша:**

-Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту.

-Баланың отансүйгіштік құндылық пен адамгершілік бағдарын рухани жағынан қалыптастыру.

-Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру.

4. «Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар»

5. **Әртүрлі мәселелер**

-Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйыммен бірлескен бала тәрбиесіндегі бірлесе атқаратын шығармашылық жұмыстар.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша әдіскер үшінші педагогикалық кеңес есебін берді. Ол өз сөзінде оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптастыру бойынша жұмыстар жүгізілді.Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған рөлдік ойындар жоспармен бекітіліп, барлығы жоспарға сай орындалды. Артикуляциялық жаттығулар күн сайынғы іс-әрекетерде ұтымды ойын түрінде жүзеге асырылды.

Шығармашылық топ өз кезегінде «Сюжеттік рөлдік ойындардың маңыздылығы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіп, мәселелрді шешу жолында ұсыныстар мен жаңа әдіс-тәсілдер бойынша шебер сыныптар өткізілді. Педагогтар осы тақырып аясында өздерінің тәжірибесімен бөлісіп, кезектен тыс ашық ұйымдастырылған, кіріктірілген іс-әрекеттер өткізілді. Балалармен жеке жұмыстар көбінесе артикуляциялық жаттығулар аясында жүргізілді. Тәрбиешілер күнделікті оқу қызметі барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі танымдық дағды бойынша ойындар ұйымдастырып, өткізді. Балалармен тілдік артикуляциялық жаттығулар күнделікті орындалып жатқанын, балалардың интеллектуалды дағдыларын дамуына жан-жақты ізденіп, баланың сөздік қорын молайтуда «Театр әлемі», «Ертегілер еліне

саяхат» т.б қойылымдар ұйымдастырылып балалардың шығармашыл, өз ойын еркін жеткізе алуына күнделікті оқу қызметі тиянақты жүріп отырғандығын айтып өтті.

Нәтижесінде балалардың сөйлеуі, тақпақ жаттауы, рөлге кіріп ойнауы, театрланған сахналар қойылым қоюлары арқылы оң нәтижелер көрсетуде деп сөзін аяқтады.

Екінші сұрақтар бойынша балабақша меңгерушісі Кокишева Айнур Алихановна сөз алып «МЖМБС» бойынша балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстар жақсы екенін айтып, алдағы уақытта балдардың білім дағдыларының дамуы бойынша жұмыстар үздіксіз орындалып отыру керектігін айтты.

Зыңдалды: Үшінші мәселе бойынша әдіскер балабақша педагог-психологы Алия Сармановаға сөз кезегін берді. Сөз барысында балаларымыздың ұлттық мәдениетті қалыптастыруда балаларымызға қызықты әрі көңілді музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту бойынша жұмыстардың жүріп жатқанын айтып өтті.

Сонымен қоса тәрбиеші Қожамқұл Қасиет Әліқызы баланың отансүйгіштік құндылық пен адамгершілік бағдарын рухани жағынан қалыптастыру, қоршаған ортаға деген балдардың жақсы ой пікірлерін ашық жеткізуін оқу қызметінде әр топ тәрбиешілері бірлесе жұмыс жасап, үлгілік оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу барысында көптеген дәстүрлі және дәстүрлі жаңа технологияларды пайдалана отырып оқу қызметтерін өткізіп жатқандығын айтып өтті.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері « Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар» бойынша осы дидактикалық ойындарды жүргізуде жас ерекшелігіне сай көрнекіліктер жасалынып жатқанын айтып өтті. Және осы қол өнер көрнекіліктері біздің ұлттық мәдениетіміз және балалардың бойына осы эстетикалық ұлттық құндылықтарымызды, мәдени музыкалық шығармашылығымызды дамытуда орасан зор рөл атқаратындығын баса айтып өтті.

Тыңдалды: Топ тәрбиешілері ата-аналар комитетінің төрайымдары мен бірлесе бала дамуындағы ерекше назар аударатын жұмыстармен бірлесіп жұмыс жасап жатқандарын айтты. Бала тәрбиесінде отансүйгіштік «Отан от басынан басталады» деген ұғымды бойларына сіңірту үшін жұмыстар жүріп жатқандығын айтып өтті.

Шешімі:

1. Алдағы уақытта балалардың оқу үлгілік бағдарламасы бойынша дамыту түзету жұмыстары жүргізілсін.
2. Ата-аналармен бірлескен шығармашылық жұмыстары үздіксіз жүріп отырсын.

Кеңес төрайымы:



А.Кокишева

Хатшы:



Абдіраман А.Ә.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 5 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 25.05.2023ж

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекеменің 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстың нәтижелігі»

Қатысқандар саны: 11

Күн тәртібінде:

1. №4 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Диагностикалық есеп:
 - Менің жұмысымның нәтижесі
 - Біздің жетістіктеріміз
3. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігінің рейтингі
 - «Мектеп алды дайындық топтың жай-күйін кешенді бақылау қорытындысы»
- 4.Қорытынды.
 - Балалардың білім білік дағдыларының мониторингтің қорытындысы
 - Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту
 - Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері
- 5.Өртүрлі мәселелер:
 - Жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар
 - Стандарт және үлгілік оқу бағдарламасы бойынша алдағы уақыттағы өзгерістер.
 - Марапаттар табыстау.

1Тыңдалды: Балабақша әдіскері Таласова Майра Анатолийқызы сөз алып, №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуын былай деп айтып өтті. Тәрбиешілер оқу үлгілік бағдарламасы бойынша балалармен дамыту түзету шаралары жүргізілді. мониторинг бойынша балалардың жеке даму картасы толтырылып, балалардың білім саласы бойынша дағдыларын қалыптастыруда үздіксіз жұмыстар жүріп отқандығын айтып өтті.

2Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері өз топтарының балалардың әсіресе қиын бейімделу кеш болған балалармен жұмыс жүргізуді педагог-психологпен және сол балдардың ата-аналарымен бірлесе жұмыс жасап жақсы нәтижелерге жетіп жатқандарын айтып өтті.

Балабақша педагог-психологы Алия Сарманова сөз алып, балалармен диогностикалық жұмыс жасау барысында отбасылық қиындықтары бар балалардың балабақша күн тәртібіне бейімделуі тікелей отбасының бала тәрбиесіндегі қиындықтары бар балаларда бар екенін айтып өтті.

Балабақша әдіскері «Біздің жетістіктеріміз» деп тәрбиешілеріміздің жұмыстары мақала беттеріне жарияланып жатқандығы, аудандық жарыстарға белсене қатысып, жүлделі орын алып жатқандығымыз балабақша жетістіктері деп айта аламыз деді.

3Тыңдалды: Балабақша әдіскері Таласова Майра Анатолийқызы Мектеп алды даярлық тобының бақылау қорытындысы жақсы деп айта аламын деді. Соны мен қоса МАД- тобының тәрбиешісі Аулбекова Анар Сериковна өз тобының бағалау қорытындысын жасап, балдармен психолог жұмыс жасап мектеп алды даярлық тобының мектепке дайындығын бақылап, жұмыстар жүргізді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Кокишева Айнур Алихановна балалардың білім білік дағдылары мониторингтің қорытындысын бақылап алдағы уақытта да балдардың даму деңгейі балдардың дағдыларының қалыптасуы үзбей дамыту түзету жұмыстарының тұрақты жүріп отыруы қажет екендігін айтып өтті. Сонымен қоса алдағы уақыттағы балабақшаның жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелерімен таныстырып, ұйымдастыру әр жас ерекшелігіне байланысты ойын түрінде өтіліп отырсын деді.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері педагогтармен ақылдасып жылдық жұмыс жоспарға алдағы уақытта біршама өзгерістер енгізу туралы ой тастап, пікірлер алмасты.

Шешімі:

1. №4 Педагогикалық кеңестің шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.
3. Жылдық есеп беру ата-аналармен жиналыс өткізілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Кокишева

Хатшы:



Абдіраман А.Ә.

